

Қауылжыр ауылдық округінің Қайдауыл елді мекенінің көшесін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Қауылжыр ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 6 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 наурызда № 8081 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 22 қазандағы № 2 қорытындысы негізінде, Қауылжыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қауылжыр ауылдық округінің Қайдауыл елді мекеніндегі "Татыр" көшесі "Әлихан Бөкейханов" көшесі болып қайта аталсын.

2. "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Қауылжыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қауылжыр ауылдық округінің әкімі

Т. Балымов